Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ

(материалдардың жинағы)

ШКОЛА ПЕРЕДОВОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОПЫТА

(сборник материалов)

Орал, 2017

ӘОЖ 37
КБЖ 74.00
П 23

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 22.06.2017 ж. Оқу-әдістемелік кеңесінің №10 хаттамасының шешімі негізінде басылымға ұсынылды

Рекомендовано к печати решением Учебно-методического совета Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова, протокол №10 от 22.06.2017 г.

Редакция алқасы / Редакционная коллегия
Бас редактор:

Жусупкалиева Г.Қ. – оқу-әдістемелік жөніндегі проректор, доцент, п.ғ.к.

Редакция алқасының мүшелері/ Члены редколлегии

Латыпова Р.Х. – оқу үрдісін ұйымдастыру және бақылау орталығының жетекшісі, п.ғ.к.

Абишева Ш.Б. – оқу үрдісін ұйымдастыру және бақылау орталығының аға сарапшысы.

П23 Педагогикалық үздік тәжірибе мектебі = Школа передового педагогического опыта: Мат. жинағы. = Сб. материалов. – Орал: М.Өтемісов атын. БҚМУ РБО, 2017. – 188 б.

Осы материалдар жинағы білім берудегі ғылым мен ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктерін пайдалануға негізделген университеттегі ПОҚ-тың инновациялық-жобалық қызметтің (бағдарламалық өнімнің түпнұсқасы, оқу тренажері, оқытудағы инновациялық тренинг және т.б.) нәтижелерін қамтиды.

Данный сборник материалов содержит результаты инновационно-проектной деятельности ППС университета (оригинальный программный продукт, учебный тренажер, инновационный тренинг в обучении и т.д.), основанные на использовании современных достижений науки и информационных технологий в образовании.

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2017

I РАЗДЕЛ
ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

PREZI БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНЫП ПРЕЗЕНТАЦИЯ ЖАСАУ ӘДІСТЕМЕСІ (ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІ ҮЛГІСІНДЕ)

Габдрахманова Ш.Т. *– п.ғ.к., доцент,*
Исмагулова Ж.С. *– педагогика магистрі,*
Калаханова С.Б. *– педагогика және психология магистрі*
педагогика және психология кафедрасы

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз айтқандай, қазіргі заманда оқу үдерісін ақпараттық коммуникациялық технологиясыз елестету қиын.

Бүгінгі күні ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу қабілеті – қоғамның әрбір мүшесі үшін қажетті оқу, жазу біліктерімен тепе-тең саналуда. Осыған орай, осы бағытта болашақ мамандардың меңгерген білімі мен дағдылары болашақта қоғам дамуының жолдарын анықтауға мүмкіндік бермекші. Сол себепті білім беруді ақпараттандыру педагогтарды даярлауда кәсіби қасиеттері мен деңгейлеріне жаңа талаптар ұсыну арқылы олардың жұмыстарында нақты қайта құруларды талап етуде. Сол мақсатта оқу үрдісінде АКТ құралдарын пайдаланудың тиімді жақтарын қарастыруы өзекті болып табылады.

ЖОО оқу үрдісінде дәріс сабақтары жетекші оқыту формасы болып табылады. Дәріс сабақтарында презентациялар идеяларды тиімді әрі көрнекі түрде жеткізудің ұтымды құралы болып табылады. Көбіне презентация құруға біз Power Point бағдарламасын қолданамыз. Дегенмен, соңғы кездері заманауи мүмкіндіктері көп балама бағдарламалар жасалуда. Осындай ең тиімді құралдардың бірі - Prezi бағдарламасы.

Prezi – онлайн режимінде интерактивті презентация жасаудың құралы. Бұл бағдарламаны қолдана отырып инновациялық интерактивті әдістерді қолдану тиімділігі артады. Осы мақсатта өңдеген жобамыздың мақсаты мен міндеттері:

– Педагогиканы оқытуда Prezi бағдарламасын қолданып презентация жасау әдістемесін өңдеу, оқу үрдісінде тәжірибеге ендіру;

– Дәріс құрылымын Prezi бағдарламасының элементтерімен ұштастырып, жаңа инновациялық әдістерді қоладанып дәріс оқу әдістемесінің жолдарын ұсыну;

– Педагогика оқыту әдістемесі пәнін оқытуда студенттерге жаңа бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық ресурстарды қолдануға үйрету арқылы ғылыми-ізденушілік іс-әрекетке баулу;

– Prezi бағдарламасын қолданып өңделген дәріс оқу әдістемесін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқытуда қолдану жолдарын оқу үрдісінде кафедра оқытушыларымен диалогтық талқылау, тәжірибе алмасу.

Жобаны М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» кафедрасы оқытушыларынан құрылған топ тәжірибеде жүзеге асырды.

Берілген жоба жаңа инновациялық технологиялар мен ақпараттық ресурстарды ұштастырып қолданудың әдістемесін өңдеп жасауды көздеді. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы арасында дәріс оқыту әдістемесінде жаңа бағдарлама Prezi презентациясының элементтерін ұтымды қолданудың жолдарын ұсынады.

ЖОО-дағы дәрістің мақсаты – білім алушылардың оқу материалын терең меңгеруі үшін бағыт беретін негізді қалыптастыру. Мамандар әртүрлі критерийлерді қолдана отырып, әртүрлі дәрістер классификациясын ұсынады. В.С. Герасимова ұсынысы бойынша дәрістің түрі мына факторлардың қатарына байланысты: тәртіпті сақтау және оның оқу үрдісіндегі орны (кіріспе, ағымдық, қорытынды, шолу); студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің деңгейлерінің және әртүрлі түрлерінің қатынасы (сипаттамалық, иллюстрациялық, түсіндірме, проблемалық) [1]. О.Ю. Тарская, В.И. Вяловик, Е.В. Бушуева және тағы да басқа

ғалымдар да дәрістің бірнеше түрлерін қарастырған. Дәрістің келесі негізгі түрлері АКТ құралдарын пайдаланудың тиімді жақтарын қажет етеді:

Ақпараттық дәріс, баяндаманың түсіндірмелі – иллюстративтік әдісін қолданғанда жүргізіледі, бұл дәстүрлі жоғарғы мектептердегі дәріс түрі.

Проблемалық дәріс, материалды баяндауда проблемалық сұрақтар, жағдайлар, міндеттер қолданылады. Таным үдерісі ғылыми ізденіс, диалог, талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру және т.б. арқылы туындайды.

Визуалдық дәріс, материалды техникалық құралдарды пайдалана отырып визуалдық жолмен түсіндіруді ұсынады, көрсетілетін материалдағы қысқаша түсіндірмелі мультимедиялық техникалар, аудио және видео техникалар.

Дәріс – провокациялар, яғни алдын-ала қателіктермен дайындалған сабақтар. Бұл үйренушілерді ұсынылған ақпаратты тұрақты бақылауға және ондағы қателіктерді іздеуге ынталандыру үшін пайдаланылады. Тыңдармандардың біліміне диагностика және жасалған қателіктерге талдау дәріс соңында жүзеге асады.

Дәрістің негізгі функциясы – *қызықтыру және ынталандыру* АКТ құралдарының көмегімен тиімді жүзеге асырылады. Дәріс, хабарламамен қатар студенттерге маңызды және керек ғылыми ақпарат, оларды идеямен еліктіру керек, оларды қызықтырғандығы соншалық, берілген ғылымдағы сабақты байыптылыққа және тереңділікке жандандыру қажет. Кез-келген студент дәріс қызықты және еліктіргіш болуы керек дейді. Дәріс тыңдарманға міндетті түрде әсер ету керек, яғни студенттің басты эмоциясының әсерленуінде қызығушылық болу керек. Бұл эмоция субъективті түрде оң әсерленушілікті тудырады, және бұл білімді қабылдауда, жаңалықтар ашуда, оқуды дәлелдеуде оң нәтижелерді көрсетуді қамтамасыз етеді. Қызығушылық қуанышпен тығыз байланысты. Бізді жаңалықтар қызықтырады және таныстық сезімдері қуантады. Егер біз таныс адамдардан және заттардан жаңа нәрселерді байқасақ, қызығушылық қалыптасады. Біз бұл жаңалықты сарқып аламыз, білімімізге қуанып, қызығушылық тудырамыз. Оқытушыға жиі

студенттегі танымдық қызығушылығы “жалынның” сөніп қалуына жол бермеуін қолдау қажет. Ол үшін әртүрлі тәсілдерді, жоғарыда айтылған таң қаларлық әлеуеттерді пайдалануға тура келеді.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарда дәрісті презентациясыз өткізу мүмкін емес, олар АКТ бағдарламалары көмегімен өтеді.

Мұндай презентация экранда (слайд), текст материалы (суреттер, фотосуреттер, диаграммалар, видеороликтер) көмегімен көрсетіледі. Бұдан басқа слайдты көрсету дыбыстық эффектермен өткізіледі (музыкамен, диктор сөзімен, қатты дыбыс безендірумен).

Төменде көрсетілген қысқартуларда, Мәскеу Орталығының интернет-білім берудің маманы Л.И.Ястребов ұсынғандай, презентацияға дайындық ұсыныстары айтылған.

Презентацияны құру үш кезеңнен тұрады: жоспарлау, өңдеу және презентацияны қайталау.

Презентацияны жоспарлау – бұл көп бөлімді процедура, мақсатын анықтау, аудиторияны жаттау, материалды жеткізудегі логикалық ұсыну және жүйелі құрылымдау болып табылады.

Презентацияға дайындық кезінде ең маңыздысы – тыңдаушыларға жеткізетін, нақты ойларды анықтау. Осы ойдың мүмкіндігін арттыру үшін, қосымша ақпаратты толықтыруды жүзеге асыру қажет. Мұндай қосымша ақпаратқа келесілер жатады: мысал, салыстыру, цитата, жаңалық, статистика, график, аудио және видеоматериалдар, эксперттік бағалау.

Материалды жеткізудегі логикалық өңдеу презентацияны жоспарлауда маңызды сәт болып табылады. Материалды жеткізудегі логика бұзылмас үшін, және тыңдаушыларға оңай болуы үшін, ауысуларды ойластыру қажет:

- Кіріспеден бастап презентацияның негізгі бөліміне дейін,
- Бір негізгі ойдан екінші ойға,
- Бір слайдтан екіншісіне дейін.

Ауысу – бұл маңызды бір ойдың соңымен екінші ойдың арасындағы байланыс. Ауысуды белгілеуге болады:

- қысқа сөйлемдерді қолдану,
- назар аудартатын қызықты нақыл сөздерді табу,

- өзекті статистикалық мысал келтіру,
- қалжың немесе таң қалдыратын ұсынысты қолдану,
- үзіліс жасау,
- дауыс ырғағын өзгерту.

Басқа презентацияны жоспарлаудың маңызды сәті негізгі бөлімнің құрылуы болып табылады. Презентация жүйесі соңында логикалық материалды жеткізу маңызды болып келеді. Тек сонда ғана сіздің ойыңыз тыңдаушыларға түсінікті болып келеді деп айтуға болады [2].

Логикалық құрылымның қандай түрлері:

- хронологиялық ретпен,
- басымдылық ретпен,
- аумақтық ретпен,
- тақырыптық рет бойынша,
- «мәселе - шешу жолдары» принципімен жүйелеу.

Жарқын және есте сақталарлықтай қорытындыға дайындақ – презентацияны жоспарлаудың соңғы бөлімі. Жақсы қорытынды презентацияның жетістікке жетуіне өте маңызды болып келеді.

Тағыда бір рет презентацияға арқау болған негізгі ойды айтып, аудиторияға «ұсыныс тастау» қажет. Іс-әрекет жасауға немесе келесі презентацияға шақыруға болады.

Төменде қорытындының түйінді құраушылары көрсетілген:

- айқын ойдың айтылуы – қорытындыға ауысу;
- презентациядағы негізгі идеяларды қайталауы;
- қорытындылар шығару;
- қысқа да нұсқа түрде қорыта айту.

Сонымен қатар, кіріспедегідей қорытындының да бірнеше түрі бар:

- Кіріспе тақырыбына қайта оралу;
- Іс әрекет жасауға шақыру;
- «ұсыныс тастау»;
- Бұл презентациядан кейін не болатынын айту.

Презентацияны өңдеуде, презентация слайдын дайындауда әдістемелік ерекшеліктерді ойластыру қажет, вертикалды және горизонтальды логиканы, графикалық және жазбаша мәліметтердің өзара қатынасы мен мазмұнын қоса есепке алу керек. Содан кейін слайд ақпаратын толықтыру жүзеге асады, бұл

жерде сіз мәліметті жинақы түрде біртұтас етіп көрсетулеріңіз керек, сонымен бірге осы мәлімет бірінен соң бірі көрсетілуі қажет бөліктерге бөліну қажет.

Тыңдаушыларға интуитивті қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес қандай ретпен көрсететінін автор өзі шешеді.

Дәріс презентацияның ресми түріне жататындығынан, мұнда қатаң дизайн, ұстамдылық, барлық слайдқа бірдей безендіру қажет. Сонымен қатар сіздің басты міндетіңіздің бірі - аудиторияны өзіңізге бағындырып, тек оның санасына әсер етіп қана қоймай және де эмоциясына да әсер етуіңіз қажет. Осы ретте басқа презентация бағдарламаларынан Prezi артықшылығын атап өткен жөн.

Prezi – бұл тізбексіз құрылымда интерактивті мультимедиялық презентация құруға арналған веб-сервис. Prezi сервисінде масштабтау (обьектілерді үлкейту және кішірейту) технологиясының маңызы зор. Веб сервистің интернет адресі www.prezi.com. Бағдарламаның басты ерекшелігі – презентацияның барлық обьектілері бір бетте орналасады және жеке обьектілерге динамикалық масштаб арқылы қатынауға болады. Веб сервистің бірнеше нұсқасы бар:

1. Публикалық – 100МБ
2. Қолданушылық – 500 МБ
3. Кәсіптік – 2000МБ
4. Топтық – 2000МБ

Бұл нұсқалардың басты айырмашылықтарының бірі – серверге ақпарат жүктеу сыйымдылығына байланысты болып табылады. Публикалық нұсқасы толықтай тегін. Ал қалған нұсқалардың өз алдына бағалары бар [3].

Сурет1. Prezi веб-сервисінің редакторлық терезесі

Prezi интернет сервисімен жұмыс жасау үшін төмендегідей басты этаптарды есте ұстау қажет:

- Сайтқа тіркелу;
- Жеке кабинетке кіру;
- Жаңа презентация құру;
- Редактордыңтолық мүмкіндіктерін пайдалану;
- Дайын презентацияны жүктеу.

Сайтқа тіркелу//prezi.com веб бетіне кіріп, қолданушы аты-жөнін, электронды поштасын және құпия паролін енгізу қажет. Сол электронды пошта мен құпиясөз арқылы сервисті қолданушы болашақта еркін пайдалана алады [4].

Тіркелгеннен кейін жаңа презентация құру мүмкіндігін алады. Ол үшін *New Prezi* тетігін басады. Одан кейін браузердің жаға беті ашылып, ең алдымен сізге көптеген шаблондардан біреуін таңдау ұсынылады. Егер таза беттен бастағыңыз келсе *Start blank prezi* нұсқасын таңдасаңыз болады.



Сурет 2. Презентация шаблонын таңдау диалогы

Қажет шаблонды таңдап, біз өз қалауымызша мәліметпен толтыратын негізге қол жеткіземіз. Ол үшін презентацияның редакторын қолданамыз. Редакторға мәтін, сурет, диаграмма, әр түрлі фигуралар, символдар және видео қоюға болады. Сурет пен видеоны тікелей интернеттен немесе компьютерде сақталған суретті редакторға импорт жасауғаболады. Дайын презентацияны компьютерге жүктеп, кез келген компьютерде (интернетке қосылу маңызды емес) аша алады.



Сурет 3. Prezi презентациясы редакторының терезесі

Презентациямен жұмыс жасауға қажет негізгі инструменттер терезенің жоғары жағында үш менюға топтастырылып орналасқан.

- **Frames and Arrows**: әр түрлі формадағы аймақтарды бөліп алып, оларды презентацияға жаңа слайдтар түрінде қосуға мүмкіндік береді.
- **Insert**: мәтін, сурет, диаграмма, әр түрлі фигуралар, символдар және видео қоюға, музыка қосуға мүмкіндік береді.
- **Theme**: визуалды безендіруге мүмкіндік береді. Презентация тақырыбын өзгертіп, түрлі элементтерін әр түрлі түстерге бояуға қолданылады.

Жұмыстың кез-келген сатысында нәтижені көріпбайқауға болады, ол үшін жоғары сол жақ бұрыштағы *Present* тетігін басу керек. Оның қасында жасалған әрекетті жою немесе қайталау, сақтау тетіктері бар.



Сурет 4. Презентацияны сақтау диалогы

Сақталған дайын өнімнің опцияларыннақтырақ айту керек. Ең алдымен сізде презентациясы бар бетке сілтеме беріледі, оны өзіңізге қолайлы тәсілмен тарата аласыз. Екіншіден, сіз онлайн-презентация жүргізу мүмкіндігін аласыз. Ол үшін нақты шектеулі мерзімге жұмыс жасайтын арнайы бет ашылады. Сіз бұл бетке саны 30 адамға дейін қатысушыны шақырып, олар сіздің презентацияңызды осы уақыт аралығында бақылай алады. презентацияны сақтаудың тағы бір жолы PDF форматын қолданып сақтау. Және соңғы жолы өз компьютерінізге презентацияның автономды нұсқасын көшіріп алып, интернет желінен тәуелсіз оны қолдануға қол жеткізу [5].

Оқу үрдісінде педагогиканы оқытуда Prezi бағдарламасын қолданып презентация жасау әдістемесін өңдеу, оқу үрдісінде тәжірибеге ендіру жобамызда жүзеге асырылды.

Жоба нәтижесінде «Педагогика және психология» мамандығы студенттерінде «Педагогиканы оқыту әдістемесі» пәніне деген қызығушылығы жоғарылады, оқу материалын қабылдау деңгейі артты. Дәрістің эмоционалдық сипаты ғылыми мазмұнмен біріге отырып, ой мен сөздің үйлесімділдігн тудырады және тыңдаушылармен жақсы қабылданады. Аталған пән бойынша білім сапасы артты. Кафедраның жас оқытушыларының және жоғары курс студенттерінің жаңа бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы өзбетті ғылыми-ізденушілік іс-әрекеті дамыды.

Қорыта келгенде, сабақты компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін әр оқытушы ұтымды пайдалана білсе, білім сапасы қажетті деңгейге артады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Психологияны оқыту әдістемесі : дәрістер жинағы / В. С. Герасимова. – Москва : Ось-89, 2005 ж.

2. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру //Дандибаев А.Т.http://zkoipk.kz/.

3. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі. «Информатика негіздері» 2008 жыл, №4 Ж.Сатыбекова.

4. Интернет ресурс http://bilimdiler.kz мақала «Ақпараттық –коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру».
5. Интернет ресурс www.prezi.com.

КОМПЬЮТЕР КАК СОВРЕМЕННОЕ СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Ахметова Г.Н. *– преподаватель кафедры русской филологии*

Каждому педагогу известно, что результативность любого учебного занятия напрямую зависит от количества усвоенной слушателями информации. Для повышения качества запоминания преподаваемого материала необходимо задействовать сразу несколько каналов восприятия информации. А восприятие, в свою очередь, напрямую зависит от средств передачи самой информации.

Компьютер как современное техническое средство обладает уникальными обучающими возможностями и на современном этапе является жизненно необходимым средством обучения. Он, конечно, не может на уроке заменить живое слово учителя, изучение художественного произведения, творческого общения, но может стать хорошим помощником.

Каковы уникальные возможности использования компьютера на уроках русского языка и литературы? Как не отстать от времени и от своих учеников? Как органично ввести электронную технику в структуру урока, не нарушив при этом общей логики? Ответ прост: использовать компьютер как источник учебной информации (частично или полностью заменяющий учителя и книгу); демонстрационное средство наглядности (качественно нового уровня с возможностями мультимедиа и телекоммуникаций); электронный посредник между учителем и учеником (с сохранением индивидуального информационного пространства); тренажер в активизации

словарного запаса учащихся; средство диагностики и контроля. Диапазон его использования в учебно-воспитательном процессе очень велик: от тестирования учащихся, учета их личностных особенностей до игры. При этом компьютер является мощным средством повышения эффективности обучения. Еще никогда учителя не получали столь мощного средства обучения. Компьютер позволяет качественно изменить контроль за деятельностью учащихся, обеспечивая при этом гибкость управления учебным процессом.

В науке существуют различные точки зрения на возможность применения компьютеров в гуманитарной области. Одни ученые считают, что это может привести к дегуманизации образования, и предлагают ограничить область применения компьютеров сферой предметов естественно-математического цикла. При этом высказывается точка зрения, что именно гуманитарные предметы должны выступать своего рода защитой человека от ЭВМ. Другие утверждают, что разумное использование компьютеров в школьном гуманитарном образовании может дать положительные результаты, иногда даже более эффективные, чем при традиционной методике обучения.

Более столетия назад известный русский методист В.Я. Стоюнин начал свою книгу, посвященную преподаванию русской литературы, знаменательными словами: «Достоинство преподавания каждого учебного предмета зависит сколько от личности преподавателя, столько же и от тех учебных средств, какими он может свободно распоряжаться. Без них у него нет возможности удовлетворить многим педагогическим требованиям, как бы они ни казались ему основательными и разумными».

Использование компьютерных технологий как учебных средств на уроках русского языка и литературы значительно повышает не только эффективность обучения, но и мотивацию учащихся к изучению предметов, развивает их творческую активность. Уроки получаются более интересными, насыщенными, проходят в хорошем темпе, дают положительные результаты.

Как органично ввести электронную технику в структуру урока, не нарушив при этом общей логики?

1. Использовать компьютер как демонстрационное средство наглядности (интерактивной наглядности).

Особенно активно взаимодействие обучающихся с *динамическими таблицами, опорными схемами, таблицами*. Они заполняются в ходе беседы, самостоятельно, с использованием справочных материалов. Все это облегчает восприятие и понимание грамматического материала, позволяет ярко предъявлять языковую наглядность, материализовать ее с помощью подчеркиваний, цвета, решать лингвистические задачи. У обучающихся развиваются умения, формирующие языковую компетенцию: извлекать информацию из различных источников, строить схемы, используя теоретический материал, свободно пользоваться справочной литературой, различными лингвистическими словарями, проводить различные виды анализа языковых единиц, явлений.

2. Использовать компьютер в качестве электронного посредника между учителем и учеником, позволяющим организовать процесс обучения по индивидуальной программе. Ученик, обучающийся за пультом компьютера, может сам выбирать наиболее удобную для него скорость подачи и усвоения материала. В этом проявляется главное преимущество компьютера в процессе обучения: он работает с каждым учеником в отдельности. Индивидуализация обучения улучшает качество подготовки. Это достигается за счет живой обратной связи, которая устанавливается в процессе диалога школьника с персональным компьютером. В зависимости от характера ответов на контрольные вопросы компьютер может предложить наводящие вопросы, подсказать или замедлить темп обучения.

3. Использовать компьютер при проведении *контрольных работ, тестов, самостоятельных работ*. При этом каждый ученик отвечает на данные задания и самостоятельно получает на экране результат своего ответа. Происходит открытая, объективная оценка знаний учащихся. Это очень важно для обучающегося. Он видит, что отметка не зависит от желания учителя, а оцениваются его реальные знания и умения.

Снимается страх получения оценки. Ученик может посмотреть процент и качество своих знаний.

Для проведения работы со словарным материалом можно рекомендовать компьютер как средство для обогащения словарного запаса учащихся.

Уже ни для кого не секрет, что сегодняшние ученики читают мало, и поэтому значение (и отсюда написание) многих слов им неизвестно. Следовательно, словарные диктанты можно использовать как лексический минимум не только для проверки умений и навыков по правописанию, но и для обогащения словарного запаса.

К примеру, заниматься проработкой (толкованием лексического значения и правописания) словарных слов лучше начинать как можно раньше: большее количество слов удастся проработать. Слова следует сгруппировать в блоки, удобные для запоминания. Их нужно ввести в программное обеспечение компьютеров и распечатать для каждого учащегося. Перед началом работы учитель должен проинструктировать учащихся в умении пользоваться указателем мыши и ставить его на строку с правильным ответом или пользоваться клавиатурой для ввода правильного варианта ответа.

Словарная работа может быть проведена как на компьютерном уроке русского языка, так и при традиционной системе обучения. Работа с одним блоком дидактических материалов проводится даже в индивидуальном порядке и не превышает 15 минут. Рекомендуется один раз в неделю диктовать для записи в специальную тетрадь (по одному блоку). Обязательно поясняется значение каждого слова и записывается в словарики. С одним блоком учащийся работает 1 неделю. За это время он должен выучить написание слов, знать их значение. Затем на одном из уроков учащемуся предлагается набор заданий, изображенных на мониторе ПК или, за неимением их, на интерактивной доске. Каждое из них проверяет определенный навык по правописанию, знанию лексического значения.

В работу включаются задания двух типов: 1) на выбор орфограммы и ввод ответа с клавиатуры; 2) на выбор лексического соответствия и ввод ответа с клавиатуры. Любой

ответ предполагает оценку «верно\неверно», что обеспечивает объективность и своевременность в подведении итогов. Затем дается задание составить несколько предложений с этими словами, т.е. проводится обучение умению пользоваться известными и вновь усвоенными словами. Подобная промежуточная проверка усвоения словарного минимума также будет напоминанием для нерадивых учащихся не забыть выучить очередной блок.

Настоящая проверка проводится один раз в три недели по трем блокам. Проверяется знание написания и значения слов, а также умение использовать их в коммуникативных условиях речевого общения, т.е. в ситуативных диалогах, устных и письменных формах работы по развитию речи. Проверочные словарные работы специально сделаны небольшими, чтобы не отнимать время, отведенное на изучение программного материала.

Примеры материалов для работы со словарными словами, включенными в компьютерный урок:

БЛОК №1		
Б***а***к***а***лея	***А***мбр***а***зура	Б***а***рб***а***рис
Б***а***л***а***болка	Б***а***зилика	***А***в***а***нгард
Адекватный	***А***рм***а***тура	П***а***р***а***докс
Адрен***а***лин	Б***а***зальт	Пл***а***гиат

Работа №1 (*блоки 1, 2, 3)*

1. Вставьте пропущенные буквы.

1) арм_тура; 5) каш_мир; 9) г_бардин;
2) б_зальт; 6) к_р_катица; 10) амбр_зура;
3) к_щей; 7) к_равай; 11) б_кл_ жан;
4) б_рбарис; 8) тр_туар; 12) к_рнавал.

2. Выберите из списка слов нужное, вставьте пропущенные буквы.

1) выдача чужого произведения за свое ……
2) странное мнение ……
3) неблагозвучие……

4) подземные галереи ……
5) сатирическая статья……
6) приглашение артистов ……
7) античная постройка с колоннами ……
8) равноправие ……
9) тяжелая штора ……
10) передовая часть чего-то ……

Слова для справок: *ав_нгард, п_.ртьера, анг_ж_мент, пмфлет,*

притет, п.р_докс, пл_гиат, к_ к_ фония, кт_комбы, б_ зилика.

Компьютерная деятельность на уроке русского языка ориентирована на поддержку традиционного курса обучения, и в этом случае она не только не отвлекает ученика от предмета, но и служит развитию у учащегося повышенного интереса к нему.

Также со временем компьютерная наглядность может прочно войти в курс преподавания ***литературы***. Данный вид наглядности позволит увеличить объем учебной информации, изменить саму форму предъявления учебного материала, сделать учебный процесс более наглядным, интересным. Конечно, компьютер не сможет заменить эмоциональное слово педагога и общение на лекциях и практикумах, но методически грамотное использование его возможностей позволяет по-новому организовать структуру занятий по литературе, изменить темп проведения, индивидуализировать и дифференцировать процесс обучения и изменить саму методическую систему педагога.

Наиболее полно раскрыта классификация наглядных средств по литературе в книге В.В. Голубкова «Методика преподавания литературы». В.В. Голубков выделяет три вида наглядности:

«Это – наглядность *словесно-образная*: умелое использование стихотворений и отрывков из художественной прозы, из мемуаров средствами выразительного чтения, декламации и художественного рассказывания.

Это – наглядность *художественно-изобразительная*: демонстрация портретов, снимков с картин, с рукописей и т. п. Учитель может принести эти картины в класс, может в

соответствующих случаях организовать экскурсию в местный музей, может воспользоваться проекционным фонарем.

Это – *графическая наглядность*: запись на доске словесного и цифрового материала, показ схем, диаграмм, а еще лучше – создание этих схем преподавателем тут же, в классе, на глазах аудитории и при активном ее участии». Такой вид компьютерной наглядности как графическая наглядность учителя-словесники не используют на уроках литературы, либо используют, но не в полном объеме, боясь создать опасность формализации знаний.

Всю компьютерную наглядность предполагается разрабатывать в среде «MS POWER POINT» в виде презентации. Учебная компьютерная наглядность проста в создании и позволяет педагогу реализовать собственные методические идеи при обучении литературе для реализации конкретных педагогических задач в зависимости от целей, содержания, типа урока и формы его проведения.

На уроках литературы используются следующие виды графической наглядности: *синхронистические таблицы; схемы* и *графики; литературные карты;* [8] При работе с таким видом наглядности компьютерная презентация обеспечивает интерактивность данных видов, позволяет делать многие графические наглядные пособия мультимедийными.

При создании презентации в виде синхронистической таблицы средства мультимедиа дают возможность представить материалы в таблице более наглядно. В одной таблице могут быть представлены *портреты писателей*, *анимация*, *текстовые вставки*. Это в значительной мере будет облегчать восприятие и запоминание дат, этапов жизни писателя, литературоведческих данных.

Мультимедийные схемы и графики в виде презентаций могут показать действие того или иного процесса в движении. Наиболее часто встречающимися схемами на уроках литературы являются следующие: *схемы композиции произведения; схемы развития сюжета; схемы, фиксирующие некоторые особенности языка и стиля произведения; схемы по стихосложению*. Здесь педагог может в презентации добавить особо значимые

фрагменты видео-, аудиофайлов, изображения главных героев, изображения отдельных сцен произведения.

При работе с *литературными картами*, которые дают представления о местах, связанных с жизнью и творчеством писателя, учитель может активно использовать различные анимированные объекты. По мнению Л.В. Сидоровой [с 5], сила анимации в том, что «оно не требует перевода на другие языки, смело прокладывает кратчайшее расстояние от мысли к образу». Использование анимации является одним из эффективных средств привлечения внимания и эмоционального восприятия информации, а также способствует повышению выразительности представляемого материала.

Таким образом, использование компьютерных технологий в преподавании любого предмета таит в себе неограниченные возможности. С помощью технологий можно решать такие педагогические задачи, как обучение в сотрудничестве, активизация познавательной деятельности, осуществление дифференцированного, индивидуализированного, личностно-ориентированного подхода, разрешать проблемы разноуровневого и группового обучения и т.д. и т.п. Компьютерные технологии предполагают обучение общению обучающихся с компьютером, но одновременно и коррекции педагогом процесса обучения. К тому же возможности использования компьютера на уроке впечатляют, создают атмосферу психологического комфорта, ведут к успешности.

Принципиальное новшество, вносимое компьютером в образовательный процесс – интерактивность, позволяющая развивать активно-деятельностные формы обучения. Именно это новое качество позволяет надеяться на реальную возможность расширения самостоятельной учебной работы – полезного с точки зрения целей образования и эффективного с точки зрения временных затрат.

Список использованной литературы:

1. Бахтина О.И. Информатизация гуманитарного образования.// Педагогика. – 1990. - №1.
2. Войтов А.Г. Учебная наглядность. – М., 2007. – С.25.

3. Голубков В.В. Методика преподавания литературы, изд. 5, переработанное. – М.: Учпедгиз, 1952. – С.431-438, С. 89.

4. Власкин А.А., Сенцова Т. М. Автоматизированная система обучения русскому языку. Материалы VI международной конференции “Информационные технологии в образовании” (“ИТО-97/98”)

5. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. // Под ред. Е. С. Полат и др. М.: Академия, 2000.

6. Ягудина Р.И. Информационные технологии на уроках литературы в старших классах [Текст] / Р. И. Ягудина // Педагогическое мастерство: материалы междунар. заоч. науч. конф. (г. Москва, апрель 2012 г.). — М.: Буки-Веди, 2012. — С. 360-361.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА АРНАЙЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМЫТУ БАРЫСЫНДА IT ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ (ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫ МЫСАЛЫНДА)

Хаируллина А.К. *– география кафедрасының оқытушысы, магистр*

Қазіргі таңда оқу үрдісін заманауи ақпараттық технологиясыз елестету мүмкін емес. IT-технологиялар экономиканың динамикалы түрде дамып жатқан саласының бірі болып табылады. Қысқа уақыт арлығында ескі технологияларды заманға сай технологиялар ауыстырып отырады. IT-пәндерді оқытудың ерекшелігі – пәннің немесе курстың жұмыс бағдарламаларын жаңартып отыруды талап етеді, себебі түлектерді заманауи қажеттіліктерге сай етіп дайындайды. Осыған байланысты, заман талаптарға сай оқытудың жаңа құралдарын қолдану қажет. Бұл процесс айтарлықтай оңай емес, оқыту құралдарына ғана емес оқытуға керекті ақпараттарды жинауға тікелей байланысты. Географиялық пәндерді оқытуда арнайы ақпараттық құзыреттіліктерді дамыту барысында IT

технологияларды пайдалану (Халықтар географиясы мысалында) тақырыбы қазіргі таңда халықтар туралы ақпараттарды студенттерге жан-жақты мақсатта көрсетуге негізделді.

Сабақтың мақсатын анықтау келесі түрде жүргізілді:

Ақпараттық: студенттерді жаңа технологияларды пайдалана отырып, дүниежүзі халқы санының динамикасын, жыныстық-жастық құрамын, еңбек ресурстарымен таныстыру, көші-қон бағыттарымен қоныстанудың ерекшеліктері туралы ақпараттандыру; Қазақстан халқының демографиялық жағдайының аймақтық дамуына тоқталу.

Коммуникативтік: халық санының динамикасын білу, халыққа көрсетілген қызметтерге ауызша түрде талдау жасау, тақырыпты жан-жақты меңгеру үшін коммуникацияның әр түрлі тиімді құралдарын, әдіс-тәсілдерін қолдану;

Проблеманы шешу: Географиялық пәндерді оқытуда арнайы ақпараттық құзыреттіліктерді дамытуға, халыққа қызмет көрсететін әрекеттерді реттеуге және нәтижесін бағалауға, өзіндік баға беруге, игерген теориялық білімді өмір сүру барысында қолдана білуге үйрету.

Тақырыпты ашу барысында мынадай мәселелер қарастырылды: дүниежүзі халықтар санының динамикасы, халықтың ұдайы өсіп-өнуі, халықтың жыныстық-жастық құрамы, дүниежүзі халқының нәсілдік және ұлттық құрамы, қоныстану.

XX және XXI ғ.ғ. демографиялық мәселелер қазіргі ғылымда, қоғамда кең таралған тақырыптардың бірі. Көптеген дүниежүзі елдерінің даму бағыттарының дұрыс таңдалуы халықтың өсіп-өну заңдылығын зерттеу, геодемографиялық жағдайды білу нақты демографиялық болжам жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі демографияның даму факторлары:

– зерттеуде математикалық әдістер мен геоақпараттық технологияны кеңінен қолдану;

– территориялық жоспарлау мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық даму бағдарламаларына талаптардың жоғары болуы;

– дүниежүзі және жекелеген елдер халықтарының мәселелеріне зерттеушілердің үлкен қызығушылығы.

Бұл студенттерден халықтар туралы жаңа және қазіргі білімді, ал жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына жаңа оқулықтар мен жаңа әдістемелік құралдармен жұмысты талап етеді.

Ғылыми жаңалығы және теориялық мәніне келсек, тақырыпты ашу барысында халық санының динамикасы туралы жаңа ұғым қалыптасты және оған толық анықтама берілді; халықтың жыныстық-жастық құрамы бойынша пирамида тұрғызылды; халықтың орналасу тығыздығы бойынша карта жасақталды.

Халықтар географиясы бойынша қолданылатын электронды журналы



Демоскоп электронды (demoscope@demoscope.ru) журналының мәліметтері негізінде график тұрғызу (бір минуттық график). Дүниежүзі елдерінің халық санының өсімі (таңдау бойынша 6 ел).



Қазақстан халқының орташа өмір сүру ұзақтығына taldau.stat.gov.kz сайты бойынша график тұрғызу.

Батыс Қазақстан облысы халқының орналасу тығыздығын ГАЖ бағдарламасы бойынша картаға түсіру.



Халықтар географиясы – әр түрлі әлеуметтік, экономикалық, тарихи және табиғи жағдайларда халықтың қазіргі құрамының және елді мекендердің дамуы мен қалыптасуының кеңістіктік ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Халықтар географиясы негізгі екі бағытқа бөлінеді: жеке елдің және оның бөліктерінің (облыс, экономикалық аудан, жеке агломерация мен қала, ауыл, аудан) халқын зерттеу; қоныстану типі мен түріндегі аймақтық ерекшеліктерді талдай отырып, елді мекендердің торлары мен аумақтық жүйелерін зерттеу. Екі бағыт бір-бірімен тығыз байланысты. Халықтар географиясы халықтың ұдайы өсіп-өнуіндегі (табиғи өсіп-өнуіндегі) және оның демографиялық құрылымындағы аймақтық айырмашылықты, халықтың әлеуметтік және этностық құрамдарын, еңбек ресурстары мен олардың пайдаланылуын, көші-қон қарқындылығын, құрамын

және бағытын, халықтың тығыздығы мен аумақтық қоныстану типтерін, тұрмыс қалпының аймақтық айырмашылығын, халықтың қоныстануы мен өндіргіш күштердің орналасуы арасындағы байланысты зерттейді. Осыған сәйкес, Халықтар географиясының еңбек ресурстары географиясы, көші-қон географиясы, мекендер географиясы және т.б. бөлімдері қалыптасты.

Бұл жұмыста тақырыптың мынадай аспектілері ашылды: дүниежүзі халық санының динамикасы, халықтың орналасу тығыздығы, Қазақстанның халық саны динамикасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиев Т.О. «Өнеркәсіп географиясы», Алматы, 2011.
2. Нүсіпова А.Р. «Халықтар географиясы», Алматы 2012.
3. В.П.Максаковский «Географическая картина мира» 1 том, Москва 2006.
4. В.П.Максаковский «Географическая картина мира» 2 том, Москва 2006.
5. Социально-экономическая география зарубежного мира. Под.ред. В.В.Вольского 2-е изд. М.2003.
6. Мироненко В.П. Введене в географию мирового хозяйства. М. 1995.
7. Справочник страны мира.
8. Международный ежегодник.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Полянина О.Г. *– старший преподаватель кафедры иностранных языков*

Актуальность применения новых информационных технологий в современной школе и вузе продиктована, прежде всего, потребностью формирования навыков самостоятельной учебной деятельности учащихся и студентов. В настоящее время, со стремительным нарастанием объема информации, знания сами

по себе перестают быть самоцелью, они становятся условием для успешной реализации личности в ее дальнейшей профессиональной деятельности. В этой связи задача любого педагога – помочь обучаемым стать активными участниками процесса обучения и формировать у них потребность в постоянном поиске дополнительных знаний, выходящих за рамки базового учебника. Иными словами, необходимо создать такую модель учебного процесса, которая позволяла бы раскрывать и развивать творческий потенциал обучающихся, который пригодится им и за пределами учебного класса [1].

Обучение иностранному языку является многогранным процессом, что обусловлено основной целью – развитие личности, способной и желающей участвовать в межкультурной коммуникации на изучаемом языке и самостоятельно совершенствоваться в овладеваемой им иноязычной речевой деятельности.

Практически каждый исследователь, занимающийся проблемой интеграции Интернет-технологий в процесс обучения иностранному языку, касался вопроса образовательного потенциала Интернет-ресурсов. Дополнительная возможность создания информационно-предметной среды обучения, безусловно, способствует повышению уровня социокультурной компетенции учащихся [3]. Интернет создает уникальные условия для ознакомления учащихся с культурным разнообразием сообществ стран изучаемого языка, что далеко не всегда может дать традиционный учебник по иностранному языку. При этом иностранный язык используется как основное средство образования и самообразования. Однако практически во всех работах эксплицитно или имплицитно исследователи говорят о ресурсах Интернета как о дополнительных или вспомогательных образовательных материалах.

Основными целями применения ИКТ на уроках английского языка являются повышение мотивации к изучению языка, совершенствование иноязычной коммуникативной компетентности, увеличение объема лингвистических знаний, расширение объема знаний о социокультурной специфике страны

изучаемого языка, развитие способности и готовности к самостоятельному изучению английского языка.

Возможности применения компьютерных средств обучения при овладении аспектами языка, формировании навыков и умений в различных видах речевой деятельности велики. Я использую их при обучении фонетике. Мультимедийные возможности позволяют прослушивать речь на изучаемом языке, адаптировать ее в соответствии со своим уровнем восприятия, а регулирование скорости звучания позволяет разбивать фразы на отдельные слова, параллельно сопоставить произношение и написание слов. Использование микрофона и автоматического контроля произношения позволяет скорректировать фонетические навыки. Компьютер предлагает список слов для перевода и фонетической отработки. Возможна запись произносимого слова или фразы обучающегося с целью контроля, самоконтроля и корректировки.

Использование Интернета в коммуникативном подходе как нельзя лучше мотивировано: его цель состоит в том, чтобы заинтересовать обучаемых в изучении иностранного языка посредством накопления и расширения их знаний и опыта. Обучаемые должны быть готовы использовать язык для реальной коммуникации вне занятий, например, во время посещений страны изучаемого языка, во время приема иностранных гостей дома, при переписке, при обмене аудио- и видеокассетами, результатами заданий и т.п. с образовательными учреждениями или друзьями в стране изучаемого языка. При этом термин коммуникативность не должна пониматься узко, чисто прагматически.

Интернет может использоваться в качестве эффективного приложения для развития грамматических, лексических навыков и умений, проверки знаний. Сюда входят всевозможные тренировочные лексические, грамматические, фонетические упражнения, тесты на чтение, грамматику, IQ- тесты и т.д. Преподаватели или сами обучающиеся могут находить такие сайты.

Таким образом, можно констатировать, что за время прохождения курса у обучающихся возросла мотивация к

предмету «Иностранный язык», стремление узнать больше, проявить себя как творчески, так и интеллектуально. А система общения с помощью электронной почты позволила обучающимся осваивать дополнительный материал дистанционно. Данная статья может быть полезна как учителям школ, так и студентам и преподавателям, так как она рассматривает практический аспект применения образовательных ресурсов сети Интернет.

Используя информационные ресурсы сети Интернет, можно, интегрируя их в учебный процесс, более эффективно решать целый ряд дидактических задач на уроке английского языка.

Список использованной литературы:

1. Андреева А.А., Введение в Интернет-образование. – М.: Логос, 2003. – 76с.
2. Иванова Н.В., Эффективное использование новых информационных технологий в преподавании английского языка в средней школе. – Красноярск: БУКВА, 2004. – 112с.
3. Кудрявцева Л.В. Использование телекоммуникационных проектов для формирования иноязычной социокультурной компетенции у учащихся старших классов (на примере США и России) // Иностр. языки в школе. 2007. № 4. С. 49–53.
4. Кочергина И.В., Применение ИКТ на уроке английского языка // Иностранные языки в школе, 2010, №4, с.67-74.

II РАЗДЕЛ
ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мулдабеков Р.А. *– дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы*

Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы студент жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні оқытушыларының басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сондықтан да оқытушы сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл оқытушы мен студенттің арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім студенттермен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру. Барлық студенттер өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда

ақпараттық технологияны қолданудың орны ерекше екенін айта кеткен абзал.

Ақпараттық технологияны қолданғандағы мақсат:

- оқу үрдісінде студенттердің әр тақырып бойынша танымдық әрекеттерін тиімділеу және ұтымды ұйымдастыру;
- компьютердің арнайы қасиеттерін және танымдық жаңа құралдарды қолдана отырып волейбол әдіс-тәсілдерін зерттеу әдісімен танысу оқу үрдісін жекешелендіру;
- оқытудың тиімділігін арттыру (уақытты тиімді пайдалану, ойын кезіндегі қателерді анықтап азайту, білім мен дағдыны қалыптастыру);
- компьютердің бар мүмкіндіктерін танымдылықта және білім деңгейін көтеруде қолдану;
- сабақта студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым - қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат - мұраттарына, тұрмыс - тіршілігі мен мінез - құлқына, сондай - ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі. Сабақта жаңа инновациялық – технологияларды қолдану арқылы студенттердің өзара бәсекелестік деңгейлерінің артуы мен білімге деген қызығушылық сұраныстары өсе түседі. Бұдан күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтары артады.

Мақсат жалпылама, анық емес оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады,өз бетінше жаңа дүние әкеледі.

Бұл бөлім бойынша түрлі сынамалар тапсырып үйренген әдіс-тәсілдерді қолданып қорытынды жасайды. Өзінің шығармашылық деңгейін артыру мақсатында белгілі жетістіктерге жету үшін нормативтік көрсеткіштерді жоғарлатып шығармашылық деңгейін шыңдайды.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік, құзіреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни студенттің өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты.

Жаңа идеяларды қолдана отырып, орындалатын жұмыс бағытым;

1. Студентпен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Студенттің логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр студенттің әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
4. Студенттің ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
5. Студенттің санасын, сенімін, көзқарасын, білімін арттыру.
6. Студент парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.

Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде студенттердің теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесінде:

1) Әр студенттің білімі, қабілеті қалыптасады.
2) Студенттің бойындағы жетістіктері көрінеді.
3) Студенттер қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады. Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. – Алматы: Қайнар, 1991.
2. «Қазақстан – 2030» стратегиясы.
3. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.
4. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009ж.

ВОЗМОЖНОСТИ ГРУППОВОЙ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ЗАНЯТИЯХ ПО САМОПОЗНАНИЮ

Жантуреева А.А., Ойлыбаева Л.Н. *– преподаватели-магистры кафедры общей педагогики, психологии и самопознания*

Современные изменения образовательной системы предполагают обращение к личности учащихся, поиск новых нетрадиционных форм обучения и воспитания.

Значительное место в целостной структуре подготовки специалистов в педагогическом вузе занимают различные виды групповой творческой деятельности студентов, развитию интуитивного постижения, воображения, раскрытию общечеловеческих ценностей и формированию качеств личности, развитию организаторских способностей, целеустремленности, эрудиции, общительности, умению работать в команде, которые будет способствовать подготовке студентов к жизни [1].

В то же время проводимые исследования показывают (Методика диагностики направленности личности Б.Басса (первичное тестирование), Методика Карла Роджерса на Самопринятие (первичное тестирование), Методика Ш.Шварца (Ценностный опросник (ЦО)) (первичное анкетирование) и Тест на определение доминирующего полушария головного мозга (первичное тестирование)).

В анкетировании участвовало 66 студентов полиязычных групп, из них по специальности 5В010300 «Педагогика и психология» – 15 студентов, 5В011100 «Информатика» – 12 студентов, 5В011000 «Физика» – 9 студентов, 5В010900 «Математика» – 13 студентов, 5В011300 «Биология» – 11 студентов, 5В011600 «География» – 6 студентов.

Результаты первичного анкетирования по методике диагностики направленности личности Б.Басса,задачами которого являются выявить, к чему человек действительно стремится, что для него является самым важным, ценным и, при необходимости, подкорректировать свое поведение показали средний уровень у студентов направленности на себя (НС), чуть меньше среднего на взаимодействие (ВД), и выше среднего на задачу (НЗ)[3].

Таблица – 1

Методика диагностики направленности личности Б.Басса	Направленность на себя	Направленность на взаймодействие	Направленность на действие
Первичное анкетирование	39%	26%	35%

Диаграмма – 1

Первичный тест на определения уровня самопринятия Карла Роджерса показали что у 9% студентов низкий уровень самопринятия, у 60% студентов средний уровень самопринятия и у 31% процентов высокий уровень самопринятия [4].

Таблица – 2

Тест на определения уровня самопринятия Карла Роджерса	Низкий	Средний	Высокий
Уровень самопринятия	9%	60%	31%

Диаграмма – 2

